

Презентация

Тақырыбы: _____

Орындаған: Босынова Д

Тобы: ФК15-2к1

Қабылдаған: Нуридинова Г

ЖОСПАРЫ

- 1.Бесік
- 2.Бесік жыры
 - А) Бесік жырларын мазмұны мен поэтикалық құрылымына қарай
 - Б)Бесік жырының атқаратын міндеттері
- 3. Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

Бесік - нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек. Бесікті Орталық Азия мен Кавказ, Үндістан, Қытай жерін мекендейтін халықтардың басым көпшілігі пайдаланады. Тек әр түрлі үлгіде жасалады. Бесік көшпелі өмір кешкен қазақ халқы арасына ертеден тараған. Қазақ бесікті қарағай, қайыңнан, көбіне талдан иіп жасайды. Мұндай бесік жеңіл, ықшам әрі берік, көшіп-қонуға ыңғайлы болады. Бесік баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені арнайы орнатылатын түбек пен шүмек бала дәретін жайылдырмайды. Түбектің түбіне күл салып, жиі-жиі ауыстырып отырады. Шүмекті қойдың асық жілігінен жасайды, кейде айрықша аппақ болуы үшін сүтке қайнатып алады. Бесіктегі баланың аяғы, кеудесі қатты байланатындықтан, оның қан айналу жүйесіне керісінше әсер етеді. Сондықтан баланы бесіктен жиі босатып, қол-аяғын қозғап, арнайы жаттығулар жасайды. Бесікпен қоса құс төсек, жастық, жөргек, қолбау, тізебау, тізе жастық, бесік көрпе даярланады. Бесіктің жер бесік, аспалы бесік (әлпеншек) деген екі түрі кездеседі.



Бесік жыры



Әлемде Бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Халық педагогикасының мәйегіне айналған бесік жырында халықтың төл тарихының, дәстүрлі мәдениетінің, ежелгі наным-сенімінің, дүниетанымының көрінісі бар. Бесік жырын барша халық ұлттық тәрбиенің кәусар бұлағы деп таниды. Әлем халықтарының бесік жырлары әр елде әр түрлі аталғанымен, атқаратын міндеті, мазмұн байлығы, поэтикалық құрылымы мен саз-әуені жағынан үндесіп жатады. Бесік жырының басты қызметі — бесік тербелісіне ыңғайлас сазды әуен, ырғақты сөзбен баланы тыныштандыра отырып, оның жан жүйесі мен санасына ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрін сіңіру. Бесік жыры баланың сәби кезінде, яғни 1 — 5 жас аралығында, бала жанына жағымды әуенмен айтылады, әуен-сазсыз бесік жырының мәні де, сәні де келмейді. Қазақ бесік жырының үлгілерін алғаш Ә.Диваев хатқа түсіріп, 1905 ж. жариялаған. Содан бері там-тұмдап жиналып келе жатқанымен, халық жырларының асыл үлгілері әлі де толық хатқа түсе қойған жоқ.

Бесік жырларын мазмұны мен поэтикалық құрылымына қарай

1) дәстүрлі
бесік
жырлары



2) суырып
салма бесік
жырлары



Дәстүрлі бесік жыры

Ел арасында ежелден айтылып, әбден қалыпқа түскен, барлық жерлерде мазмұн желісі мен әуені өзгертілмей орындалатын жырлар. Олар: “Әлди, әлди ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем!” деген ана мейіріміне толы өлең жолдарымен басталып, баланы жұбататын, алдандырып тәтті ұйқыға батыратын шумақтарға ұласады.

Сонымен қатар ана:

“...Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің!
Бармақтары майысып,
Ою-өрнек ойысып,
Ұста болар ма екенсің!
Таңдайларың тақылдап,
Шешен болар ма екенсің!
...Құрығыңды майырып,
Түнде жылқы қайырып,
Қызмет қылар ма екенсің?!
Қолымыздан іс алып,
Бақытымызға жан балам,
Бізді бағар ма екенсің?!” деп баласының болашағын, ел мүддесін, өз арман-мұратымен астастыра жырға қосады.



Суырып салма бесік жыры

Айтушы жанрлық түрді пайдалана отырып, кезеңдік жағдайларды, өзінің ішкі мұң-сырын өлеңге қосады. Мәселен, Г.Н. Потанин хатқа түсірген бесік жырының бір үлгісінде: *“Таудан Тоғас түскен жоқ, Секемен тары піскен жоқ. Тоғас түссе етекке, Қой жүреді жетекке. Жылама, бөпем, жылама”* деп жарты құрсақ жатақтар өмірінің ауыр тірлігі суреттелді. Сырлы сөз бен сазды әуен астасып келетін бесік жыры халық педагогикасының бастау бұлағы ғана емес, қазақ әйелінің жан дүниесін танытатын, кезеңдік ел тұрмысынан мол мағлұмат беретін шалқары кең жанр. Оның осы мүмкіншілігін кейінгі жазба әдебиет өкілдері мен сазгерлер де кеңінен пайдаланып келеді.



**Қазақтың музыкалық-поэтикалық
фольклорындағы тұрмыс-салт әндерінің
арасында кең тараған. Бесік жыры екі
түрлі міндет атқарады:**

1)сәбиді
жұбату және
оның
болашағына
деген ата-
аналық тілегін
білдіреді;

2)ананың балаға
деген мейірі,
махаббаты, ой-
арманы, ізгі ниеті,
халықтың ақыл
өсиеттері айқын
керінеді.

Бесік жырына халықтық сипат, дәстүрлі идеализация, оптимизм тән. Өлеңі 7-8, кейде 11 буынды әнтүрінде құрылады. Әуезов бесік жырын арнайы зерттемеген. Ташкент қаласында шыққан «Жас қайрат» журналының 1924 ж. 3-4-сандарында жарияланған «Халық әдебиеті туралы» деген мақаласында «халықтардың арасында ауыздан ауызға көшіп, бірден бірге қалып айтылып жүрген: өлең, жыр, ертеке, мақал, жаңылтпаш, айырым бесік жырлары, діндар өлеңдер, үлгілі әңгімелер... басқа да, осылар сияқты сездердің бірсыпырасы халық әдебиетіне жатады» деп, бесік жырын халық ауыз өдебиетінің жанры ретінде атаған. Жазушының басқа ауыз әдебиетіне арналған еңбектерінде кездеспейді.



«Абай жолы» эпопеясында:

Қорқытпа менің баламды,

Гулей соққан ақ боран.

Балам әже қойнында,

Келе алмайсың сен бұған, -

деп басталатын бесік жырын енгізіп, Әуезов халық даналығынан туған фольклорлық мұраны пайдаланудың тамаша үлгісін керсеткен («Абай аға» тарауы).

ҚОРЫТЫНДЫ

Сәби тәрбиесі мен мінез-құлқын қалыптастыруда бесік жырының орны мүлде бөлек. Ол баланың көкірек көзін ашады, жан-жүйесін тербейді, сезімін сергітеді, көңіл-күйін көтереді. Есейе келе өнерге, сөз өнеріне бейімделеді. Әже мен ананың әлдиі сәбидің алғашқы өнер мектебі екені баршаға белгілі. Ұлы Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең» деуі тегін емес. Бесік жырында ұлттық тәрбиенің үздік үлгісі жатыр. Алайда соңғы жылдарда бесік тербетіп отырып бесік жырын айтатын әже, ана азайды. Бесік тербететін баланың өзі бөпесін өлең айтып ұйықтататын. Бұрын ананың бесік жырын сәби ғана емес, ауыл балалары, тіпті үлкендер де құлағын салып тыңдап отыратын. Кейінгі кездерде жастардың халық әніне назар аудармауы, өлеңге әуестенбеуінің бір себебі – осы бесік жырының ұмытылуында болса керек деп сұхбат алған әжелер айтқан болатын.

Мен осы шағын зерттеу жұмысымды жазу барысында, қазақтың даласындай дархан дәстүріміздің қайнар бастауы бесік жырын өз деңгейімде түсінуге тырыстым. Ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып келе жатқан тәрбиенің күре тамыры болып табылатын бесік жырының тарихы өте тереңде жатыр. Жылдар ағымымен сан түрлі өзгеріске ұшырап отырса да, бүгінгі күнде әр шаңырақта шырқалып, жаңарып, жасарып келетіні қуантады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1).Исабекова, А.О. Қазақ этнопедагогикасында қыз балаларын тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: Түркістан, 2006.- 29б.
- 2)Бөлеев, Қ. Қазақ этнопедагогикасындағы отбасылық тәрбие/ Қ. Бөлеев.- Алматы: 2014.- 152б.
- 3)https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B5%D1%81%D1%96%D0%BA_%D0%B6%D1%8B%D1%80%D1%8B